

*Тілеубаев Шамек Баянұлы,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты
директорының ғылыми жұмыстар
жөніндегі орынбасары м.а.*

ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1920-1930 ГГ.)

Ресей империясының отаршылдығы кезеңінде XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып, XX ғасырдың 30-шы жылдары Кеңестік билік тұсында жалғасу тарихына шолу жасалып, ұқсастықтары мен ортақ мәселелері, ерекшеліктері тың тарихи деректер негізінде жаңа көзқарастар тұрғысынан талданады.

Мәселе түсініктірек болу үшін, алдымен үдіре көшіп босқын болу қай кезден басталғанына тоқтала кеткеніміз жөн.

XIX ғасырдың 80-ші жылдары басталған босқын болу үдерісі 1916 жылғы көтеріліс тұсында, одан кейін өңірде Совет өкіметі орнаған соң да жалғасты. 1918-1920 жылдары большевиктік билік қожалық етіп халыққа көрсеткен қиянатынан тағы біраз халық, оның ішінде ұйғыр, орыс ұлтының өкілдері де босқын болып Қытайға аумағына қоныс аударуға мәжбүр болды.

Ал 1930 жылдары совет өкіметінің жүргізген әлеуметтік-саяси реформаларына, тәркілеуге (конфискацияға), байларды тап ретінде жою, т.б. саясаттарына қарсылық жасап көтеріліске шыққандар, көтеріліс басып-жаншылған соң олардың жетекшілерінің бірқатары тұтқындалып, ал тұтқыннан аман қалғандары соңынан ерген халықпен бірге амалсыз Қытайға қоныс аударған. Осы тұста орын алған алапат аштықтан жан сақтау үшін халық тағы босқын болып Қытайға, т.б. жақтарға кеткен. Халықтың бірталай бөлігі Қырғызстанға қоныс аударған. Олардың барлығы сол кездегі деректерде «көшіп кетушілер» («откочевники»), «аш босқындар» («голодабеженцы») деп кездеседі. Бұл жай көшіп кету емес, 1920-30 жж. өзегі Ресей болған Совет билік тұсында да халықтың босқыншылыққа ұшырауының келесі бір кезеңі еді.

Сондықтан қорыта келе айтарымыз, Ресей империясының отарлығы кезеңінде орын алған босқыншылықтың советтік кезеңде жалғасуы мәселелерін тарихи сабақтастық тұрғысынан қарастыра отырып методологиялық ұстанымдарды дұрыс анықтап, зерттеулерді жаңа концептуалдық тұрғыдан қорытуды қажет етеді.